



БҮГІНГІ САНДА

■ РУХАНИЯТ



МУЗЕЙ
ТҮНІ

3-бет. >>>

■ «МАҢҒЫСТАУ» МЕЙМАНЫ



БИ – ДҰРЫС
ТАҢДАУЫМ

4-бет. >>>

■ МӘДЕНИЕТ



АУЫЛДАҒЫ
РЕЖИССЕР

5-бет. >>>

Облыстық қоғамдық-саяси газет

МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады



mangystaumedia.kz

АУА РАЙЫ

Ақтау
Жаңаөзен
Форт-Шевченко

ТҮН	КҮН
+11	+18
+11	+22
+14	+18

№38 (10338) 21 мамыр, сейсенбі, 2024 жыл

ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ Маңғыстау облысының жаңа әкімін таныстырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебай Маңғыстау облысының барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының жиналысына қатысу үшін Ақтау қаласына жұмыс сапарымен барды.



Кездесу барысында Айбек Дәдебай депутаттарға Маңғыстау облысының әкімі лауазымына Нұрдаулет Игілікұлы Қилыбай мен Ұлықбек Серікқұлы Тналиевтің кандидатурасын ұсыну

туралы Президенттің хатын оқып берді. Ашық дауыс беру нәтижесінде 96 депутат Нұрдаулет Қилыбайдың, 17 депутат Ұлықбек Тналиевтің кандидатурасын қолдап дауыс берді. Жиналысқа

барлығы 113 депутат қатысты. Дауыс беру қорытындысы бойынша Президент Жарлығымен Нұрдаулет Қилыбай Маңғыстау облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Айбек Дәдебай өңір активіне жаңа әкімді таныстырып, Нұрдаулет Қилыбай осы аймақтың тумасы және облыста түрлі басшылық қызметтерді атқарған тәжірибелі маман екенін атап өтті. Сонымен қатар Президент жүктеген міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындау қажет екеніне назар аударды.

– Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен атқарылған жұмыстардың нәтижесінде соңғы 5 жылда өңірге 3,6 триллион теңгеден астам инвестиция

тартылған. Бұл – жаңа жұмыс орындары мен экономикалық өсім. Алдағы уақытта аталған көрсеткішті еселей түсуіміз керек. Бүгінде облыста Президенттің тапсырмасына сай ондаған жаңа әлеуметтік нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 22 мың оқушыға арналған 21 мектептің құрылысы басталып кетті. Бұл – халық саны жағынан өсімі жақсы Маңғыстау облысы үшін аса қажетті шаралар. Өңір басшылығына Президент тарапынан маңызды міндеттер жүктеліп отыр,– деді Президент Әкімшілігінің Басшысы.

Айбек Дәдебайдың айтуынша,

Маңғыстау облысының әкімдігіне инвестициялық ахуалды жақсарту, жаңа өндіріс орындарын ашу, көлік-логистика және туристік әлеуетті барынша дамыту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды жаңғырту, экологиялық мәселелерді шешу, құрылыс саласын ретке келтіру міндеттері жүктеледі.

Кездесу соңында Айбек Дәдебай Нұрдаулет Қилыбайға облыс тұрғындарының игілігі үшін Президент жүктеген барлық міндетті орындау жолында табыс тілеп, аймақтың бұрынғы басшысы Нұрлан Ноғаевқа атқарған жұмысы үшін алғыс айтты.

akorda.kz

Нұрлан Ноғаев Маңғыстау облысының әкімі ҚЫЗМЕТІНДЕ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

Нұрлан Ноғаев Маңғыстау облысының әкімі қызметінен кетті. Бұл қызметті ол 2 жыл, 8 ай, 9 күн атқарды. Ноғаев облысты басқарған кезде Маңғыстауда болған оқиғаларды еске алайық.

Нұрлан Ноғаев Маңғыстау облысының әкімі қызметіне 2021 жылғы қыркүйекте тағайындалды. Бұған дейін ол Қазақстанның Энергетика министрі қызметінде болған. Қаңтар оқиғасы, еңбек дауы мен МӨЭК-тегі қалыптасқан жағдай Ноғаев әкім болған кезге тұспа-тұс келді. Нұрлан Ноғаев қиындықтарды қалай еңсерді?

ҚАҢТАР

Ноғаев Маңғыстауға әкім болып тағайындалғаннан кейін үш ай өткен соң облыста наразылық басталды. Халық сұйытылған газдың қымбаттауына қарсы шықты. Жаңаөзен қаласында басталған митинг бүкіл облысты қамтыды. Адам шығыны болған жоқ, нысандарға шабуыл жасалған жоқ.

Наразылық білдірген тұрғындармен келіссөз бірнеше күнге созылды. Ноғаев Жаңаөзенде де, Ақтауда да адамдармен бірнеше рет диалогке түскен. Мыңдаған халықтың алдында әкім: «Біз арандатушылардың жетегінде кетпей, зардап шегуге жол бермеуіміз керек», – деді.

Екі жылдан кейін Маңғыстау облысының енді экс-әкімі болып отырған Ноғаев өз сұхбатында «погромдардан қалай сақтанды?» деген сұраққа былай жауап береді:

– Меніңше, «мен елден кетпеймін» деген Президенттің табандылығы мен ұстанымы шешуші рөл атқарды. Мен Маңғыстау облысының тұрғындарына, қарттарға, жастарға, алаңда тұрған мұнайшыларға түсіністік танытқандары үшін алғыс айтамын. Олар тәртіпті өздері орнатты. Арандатушылыққа жол бермеді. Мәселені өркениетті түрде шешеміз, – деді. Күні-түні жүріп, қадағалап отырды. Тек Ақтауда емес, облыстың барлық елді мекенінде осылай болды. Олардың саналы әрі тәрбиелі шешімі, арандатушылықтың алдын алуға деген талпыныс бүлікке жеткізбеді».

МӨЭК: СУ

Облыстың бұрынғы басшыларынан «мұраға қалған» МӨЭК-тегі мәселелер Нұрлан Ноғаев кезінде де болды. Бұл комбинат артына бүкіл пойызды сүйретіп бара жатқан алып локомотивті еске салады. Нысан аймақ өмірінде шешуші рөл атқарады, маңыздылығына қарамастан, көп жылдар бойы жөндеу көрмегендіктен, тот басып қалған. Сондықтан Ноғаев басқарған кездегі алдыңғы қатарлы міндет – зауытты әкімдік балансына өткізу. Бірнеше жылдан кейін бұл маңызды және дер кезінде қабылданған шешім болды деп айта аламыз. Неге екенін түсіндіріп көрейік.

2 >>>



ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ зардабы екі тарапқа бірдей

Өңірімізде арзан пәтер іздеп, сан соғып қалып жатқан салымшылар қатары азаяр емес. Әдетте құрылысы енді басталған тұрғын үйлердің пәтер бағасы өте төмен болады. Сонысымен елді қызықтырған үйлердің бірқатары заңсыз салынып жатыр. Соған сәйкес жиған-тергенін баспана алуға берген тұрғындар қалтасынан қағылуда. Осы орайда жауапты басшылар аталған заңсыздықтың жолын кесуді қолға алды. Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысы Дәурен Өтепқали осы мәселе бойынша газетімізге сұхбат беріп, пәтер алғысы келетін тұрғындардың қандай құжаттарға мән беруі керек екенін айтты.

Айгүл ОРЫНБАЕВА

– Тұрғын үй салу үшін құрылыс компаниясының қандай рұқсаты болуы керек және пәтер алушылар қандай құжаттарға мән беруі керек?

– Бүгінде облыс аумағында заңсыз салынған құрылыстар өте өзекті мәселе болып тұр. Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және

құрылыс қызметі туралы заңына сәйкес құрылыс салуға қойылатын негізгі талаптар бар. Біріншіден, жер телімі рәсімделеді. Екіншіден, сәулет-жоспарлау тапсырмасы дайындалады. Бұл жерде коммуналдық қызметтермен келісім шарттар жасакталады. Үшіншіден, эскиздік жоба, яғни салынатын құрылыстың сыртқы келбеті жасалады. Бұл міндетті

түрде бас сәулетшімен келісіп жасалатын дүние. Төртінші кезең – жұмыс жобасы. Осы жоба міндетті түрде сараптаманың оң қорытындысынан өтуі керек. Қандайда бір жобада сараптаманың оң қорытындысы болмаса, құрылыстың ешқандай заңды күші жоқ деген сөз.

Жалғасы 2-бетте >>>

ХАБАРЛАНДЫРУ

Маңғыстау облысының білім басқармасы «2024- 2025 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулы жобасы <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15040968> сілтемесі арқылы өтіп талқылауға салуға болатынын хабарлайды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Корпорация технического содействия» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: атмосфераға ластаушы заттардың ШШН жобасын түзету, қоршаған ортаны қорғау бөлімі «Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Өзен кен орнының НГДУ-4 жанында орналасқан өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу кешенін кеңейту» экологиялық бағалау материалдарымен ҚББ, ӨӨББ, ҚОҚШЖ.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43.338099, 52.855677.

Қоғамдық тыңдау: 2024 жылы 1 шілде сағат 11.00-де Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, әкімшілік ғимаратында өтеді.

ZOOM платформасы <https://us05web.zoom.us/j/81702046715?pwd=vObFJOWebMkGTaJOPqjNgbkZOCeLho.1>

Конференция идентификаторы: 817 0204 6715
Кіру коды: YtDu3E

Тұтынушы: «Корпорация технического содействия» ЖШС, Ақтау қ., өндірістік аймақ-2, ғимарат 22/2, тел: 87029598977, БСН: 081040010172.

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресев көшесі, 38. 7-бөлме, тел.: 87014848005, БСН 081040010172.

Құжаттама <https://ecoportal.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/1?lang=ru> интернет-ресурста орналас-тырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрон-дық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар: <https://ecoportal.kz> және электр. ЖАО мекен-жайы: g.tulembet@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2024 жылғы 28 мамырдан бастап **«Chem-Invest» ЖШС** компаниясының қоймасында бетон еденді жою және ауыстыру жұмыстары Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ, 4-43 учаскесінде, қойма №6 (Рекон) жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойын-ша бес жұмыс күн ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43.652043, 51.235202 (Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ, 4-43 учаскесінде, қойма №6 (Рекон) .

Бастамашысы: «Chem-Invest» ЖШС, Қазақстан, 090000, Орал қ., Скоробогатов к-сі, 106/1, 7-кеңсе, тел.: 8-7112-93-34-91, 93-34-92, e-mail: info@chem-invest.kz

www.chem-invest.com БИН: 061140009783

Жобалық экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Ниегали Г.О» ЖК. Ақтау қаласы, 17-54, байланыс нөмірі: 8 778 244 38 25.

«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және таби-ғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ жергілікті атқарушы органы.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecoportal.kz> бір-ыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Ескер-тулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz> сайтында 2024 жылғы **28 мамырдан бастап** 5 жұмыс күн ішінде қабыл-данады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Емир-Ойл» ЖШС

келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 2024 жылға арналған «Емир-Ойл» ЖШС объектілері үшін атмосфераны ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары норма-тивтерінің жобалары (түзету №2); 2024 жылға ар-налған экологиялық бақылау бағдарламасы; 2024 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарла-масы (түзету №1). «Қоршаған ортаны қорғау шара-ларының жоспары».

Қоғамдық тыңдау 2024 жылғы 2 шілде сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, НҰРЛАЕВ Ж, Баянды кенті клуб ғимаратында өтеді.

ZOOM платформасы <https://us05web.zoom.us/j/82929981169?pwd=HadQZQn4G6g58z5gQz88eeQ5pjPr0.1>

Конференция идентификаторы: 829 2998 1169
Кіру коды: 9qtusx

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық

пен ендік) және әсер ету аймағының географиялық координаттары 43°45'42.20"С 51°18'07.57"В

Тұтынушы: «Емир-Ойл» ЖШС, БСН: 020340004531, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, 22-ғимарат, тел.: 8 (7292) 29-09-60.

Жобаны әзірлеуші: «Айбын Каспий» ЖШС, БСН 110140001073; телефон 87292522501, эл. пошта: tandemeco@bk.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облы-сының табиғи ресурстар және табиғатты пайда-лануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbai@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 43-10-88; 8 (778) 113-9897

Құжаттама <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/17393> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> интернет-ресурста орналастырылған.

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: эл. пошта: tandemeco@bk.ru; телефон: 87292522501.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Керуен Логистик» ЖШС

«Жоба-лық тереңдігі 2700 метр (±250м) Оңтүстік Қараман-ата ауданындағы №К-2 іздеу-барлау ұңғыма-сының құрылысының жеке техникалық жобасы» экологиялық бағалау материалдарымен (қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары)» бойынша ашық отырыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар: 28.06.2024 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауданы, Оңды ауылы, Орталық көшесі, 15-ғимарат, әкімдік ғимаратында өтеді.

Әкімшілік жағынан Оңтүстік Алатөбе учаскесі ҚР Маңғыстау облысының Мұнайлы және Қарақия аудандарында орналасқан.

Ең жақын елді мекен Маңғыстау облысы, Бекі ауылы келісім шарт аумағынан 2 шақырым жерде орналасқан. Бекі ауылы Оңды ауылдық округі құрамында.

Әсер ету аймағы: Маңғыстау ауданы, Оңды ауданы, Оңды ауылы, келісім шарт аумағы.

Координаты: 43050' 36.6401"СЕ, 52003' 51.6448"ШБ.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCnwZADckXOPio4rW7ao0BCARZa.1>

Конференция идентификаторы: 495 616 6428

Кіру коды: 1234567

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Керуен Логистик» ЖШС, 050060, ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Жарокова көшесі, №272 «б» ғимарат, БСН: 150640004360, Жасұлан Қабдулинов, e-mail: kjk013@bk.ru.

Жобаны әзірлеушілер: «E&P Petro consulting» ЖШС, БСН: 120140021832, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 202, «Форум» БК, 411. e-mail: gul_shat_k@mail.ru.

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайы мен телефон нөмірі: gul_shat_k@mail.ru, 8 777 0676529.

Жергілікті атқарушы органның электрондық ме-кен-жайы және пошталық мекен-жайы Маңғыстау облысы бойынша табиғи ресурстар және таби-ғатты пайдалануды реттеу басқармасы: upt.ad@mangystau.gov.kz. БСН: 050 140 006 912, Ақтау қ., 14-шағын аудан, 1-ғимарат, тел: 8(7292) 46-62-29.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар бастал-ғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей элек-трондық upt.ad@mangystau.gov.kz мекен-жай бо-йынша және <https://ecoportal.kz/> сайтында қабыл-данады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Маңғыстау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, құрылыс, инвестициялар және туризмді дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы 2024 жылдың 19 маусымы сағат 15.00-де «Облыста туризмді дамытудың жайы туралы» тақырыбына көпшілік тыңдау өтетіні туралы хабарлайды. Көпшілік тыңдаудың өтетін жері: Ақтау қаласы, 34-ш/а, Достық үйі.

Тұрақты комиссия төрағасы

С.БИТАН.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!
ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ 3 маусым 2024 жылғы кепіл мүлкін ағылшын/голланд әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества 3 июня 2024 года по английскому/голландскому методу

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
1.	Пәтер	Маңғыстау обл. Ақтау қаласы, 31 «б» ш.а, 30-үй, 35-пәтер	жалпы ауданы 113,2 ш.м, ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 95,4 ш.м	30 710 481 теңге (тридцать миллионов семьсот десять тысяч четыреста восемьдесят одна) тенге	1 535 524,05 теңге (один миллион пятьсот тридцать пять тысяч пятьсот двадцать четыре тенге) 05 тиын
	Квартира	Мангистауская обл г. Ақтау 31 «б» мкр, 30-дом, 35-кв	общей площадью 113,2 кв.м., в том числе жилой площадью 95,4		

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабар-ландыру жарияланған күннен бастап қабыл-данады және сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 26-ш.а, 16-ғимарат «Банк Центркредит» АҚ мекен-жайы бойынша аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Ресубли-касы Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен сауда-саттық өткіз-геннен кейінгі 3 банктік күн ішінде шот №KZ28560000005351836 деректемелері бо-йынша төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 26-шағын аудан, №16 ғимарат, «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның филиалы.

Сауда-саттық басталатын уақыты: сағ. 10.00.
Сенім білдірілген тұлға – А.М.Ернязов, Ақ-тау қаласы, 26-ш.а., ғ.16 «Банк ЦентрКредит» АҚ,

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 778 688 10 01 телефоны арқылы ала аласыз.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Мангистауская обл г. Ақтау 26-мкр, 16-зд., АО «Банк ЦентрКредит»

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан тече-нии 3-х банковских дней после про-ведения торгов по реквизитам счет №KZ28560000005351836.

Мангистауская обл., г.Ақтау 26-микрорайон, №16 здание филиал АО «Банк Центркредит» в г.Ақтау начало торгов: в 10.00 часов.

Доверенное лицо – Ернязов А.М. г.Ақтау, в АО «Банк ЦентрКредит», 26-мкр., 16-зд.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по телефону: 8 778 688 10 01.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ҚР Экологиялық кодексінің (96-бап) талаптарына сәйкес 2024 жылдың 27 маусымында сағат 10.00-де ««Баутино айлағының түбіндегі шөгінділерді тазарту» жобасы қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша қоғамдық тыңдау өтеді.

Учаскенің географиялық координат-тары: 44° 33' 26,177", 50° 15' 14,245". Әсер ету аумағының географиялық коорди-наттары:

44° 32' 40,518", 50° 14' 53,916".

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, 8 наурыз көшесі №25, Ж.Мыңбаев атындағы мектеп-гимназия-сында өтеді.

Бейнеконференц байланысқа сілтеме: <https://zoom.us/j/99187770275?pwd=c0xLQzdiUkRwYVRBZ3U5RWIPL1VRUT09>

Конференция сәйкестендіргіші: 991 8777 0275

Кіру коды: 938212

Жоспарланған қызмет бастамашысы-ның атауы және байланыстары: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компании

Н.В.), БСН: 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 1, тел.: 8 (7122) 92 7414.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеу-шілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Sustainable ecology develop-ment» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. 8 727 2472323, 8 727 2472626, 8 727 2472636, эл. мекен-жайы: sed@sed.kz

Жоба бойынша құжаттама орналас-тырылған интернет-ресурстың мекен-жайы: <https://ecoportal.kz>

Жоғарыда аталған жоба бойынша ес-кертүлер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және таби-ғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға: g.tulembet@mangystau.gov.kz

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk>

Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады: Zhanat.Kozhan@ncoc.kz, 8 (7122) 922703.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Коккозов Онайбай Кудыргожаевичтің қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз: Ақтау қаласы, 8-ш/а, 14-үй, 2-пәтер. Телефон: 8 701 999 87 33. Нотариус: Ө.Е.Рахман.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Б.О.Абдуллаеваның атына 22.09.2008 жылы берілген №1/2-2492 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.